

Тақырыбы: «Ана тілім - асыл мұрам»

Мақсаты: Ана тілі туралы түсініктерін кеңейту. Елін жерін, тілін сүйуге, халқымыздың салт - дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу. Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын, ұлттық қарым-қатынасын нығайтуға тәрбиелеу.

Барысы:

Тәрбиеші:

Ана тілім – дана тілім, айбарлым

Сырын терең, тұнығындай қайнардың

Ана тілім – қасиетім қастерлім

Бір өзіңнен бақыт нәрін алғанмын – деп, бүгін біз «Ана тілім – асыл мұрам» атты тәрбие сағатын өткелі отырмыз. Тәрбие сағатымызды гимнмен бастайық. (гимн шырқалады)

гимн

- Балалар, біз бүгінгі тәрбие сағатымызда қандай мереке жайлы айтқалы отырмыз?
- Біздің ұлтымыз қандай?
- Тіліміз қандай?
- Қай тілде сөйлейміз?

Айша:

Ана тілін білмесең

Қадірлісің кімге сен?

Өз тілінде ер жетіп

Қол созасың күнге сен

Дінмұхамбет:

Ана тілім – бойымда

Ағып тұрған бұлағым

Ана тілім – ойымда

Жанып тұрған шырағым

Төрәлі:

Ана тілім – менің

Әлдилеген әнім

Ана тілім – демім

Ана тілім – жаным

Айқаракөз:

Жанымнан да қымбат

Ана тілім маған

Ана сөзін тыңдап

Үлгі – өнеге алам

Гүлім:

Ана тілім – анам

Қандай аппақ арым

Мұра еткен бабам

Жарқыраған шамым

Шаттық:

Ана тілін білмесең
Қадірлісің кімге сен?
Ана тілі арқылы
Тарихыммен тілдесем

Хор «Балдырғандар әні»

Тәрбиеші: Балалар, енді тілге баланысты жаттаған мақал-мәтелдерді айтып өтейік.

Арсен:

Ақыл көркі – тіл,
Тілдің көркі сөз

Ақжол:

Тіл буынсыз, ой түпсіз.

Мақсат:

Тіл тас жарады,
Тас жармаса бас жарады

Тәрбиеші: Балалар, ойын ойнап бір серігіп алайық.

«Түстерді ажырат» ойыны

Шарты: Жемістердің, пішіндердің түстерін ажырату. Түстеріне қарай себеттерге салу.

Хор «Отан»

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі айтқан тақпақ, мақал-мәтелдерімізде, өлеңдерімізде айтылғандай; өз тілімізді қадірлеп оны сүйе білуіміз керек. Тіл бар жерде, ұлтта, елде, жерде болмақ. Сондықтан әрқайыссымыз өз ұлтымыздың тілін қадірлей білейік дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Барлықтарыңызға рахмет!